ҚОҒАМ

СИНЬЦЗЯН САУДА-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ТОБЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

2-бетте

АЙМАҚ

ӨНЕР МЕН ЕҢБЕК ҰШТАСҚАН МЕКТЕП

3-бетте

АҚПАРАТ

КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКАҒА ҚАРСЫ КҮРЕС КҮШЕЮДЕ

4-бетте

SALYQ TÁRTIBI

Газет 1994 жылғы наурыздан шығады

www.salyq-gazet.kz | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | saltar61@mail.ru | №35 (1894) 1 сәуір 2025 жыл

ПРЕЗИДЕНТ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев бейресми кездесу өткізді.

Мемлекет басшысының Алматыдағы резиденциясында Қазақстан мен Өзбекстан президенттерінің бейресми кездесуі өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманның Алматыға сапармен келгеніне ризашылық білдіріп, мұндай бейресми кездесулер жақсы дәстүрге айналғанын айтты.

– Бұл – бауырлас, достас мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында атқарылып жатқан жұмысты іскерлік сипатта тағы бір талқылауға орайлы сәт. Біз – одақтас елдерміз. Екі ел арасындағы ықпалдастық тұтас Орталық Азия өңіріндегі жағдайға тікелей әсер етеді, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы бауырлас халықтарды жақындастыруға, аймақтың орнықты және қауіпсіз дамуындағы ортақ мақсаттарды ілгерілетуге Шавкат Мирзиёевтің зор үлес қосқанын атап өтті.

– Қазақстандықтар Сізді жақсы таниды және аса құрметтейді. Сіздің мықты әрі абыройлы көшбасшылығыңыздың арқасында Өзбекстан қарқынды дамып келеді. Өткен жылы өзбек экономикасының өсімі 6 пайыздан асқанын білеміз. Экономиканың барлық секторындағы мақсатты көрсеткіштер жоспарға сай атқарылып жатыр. Өзбекстан неғұрлым табысты дамыған сайын, біздің елдеріміз арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық та соғұрлым сапалы болады. Сондықтан бүгінгі кездесуде нақты мәселелер бойынша пікір алмасамыз деп ойлаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Өзбекстан Президенті екіжақты байланыстарды нығайтуды көздейтін бүгінгі кездесудің маңызына тоқталды.

– Мені өзіңіздің туған жеріңіз, атап айтқанда, Алматы қаласында достық пейілмен, екі халықтың дәстүріне сай ілтипатпен қарсы алып жатқаныңызға рақмет. Өзімнің және халқымның атынан ризашылығымды білдіремін. Соңғы жылдары қарым-қатынасымыз мүлдем жаңа деңгейге көтерілді. Біз – одақтаспыз. Өзара сыйластығымыздың арқасында көптеген мәселе шешімін тауып келеді, екеуара уағдаластықтардың барлығы іске асырылып жатыр. Нақты нәтижелер бар. Сізді Қазақстанның зор табыстарға жетуімен құттықтаймын. Экономикаларыңыз дамып келеді, жетістіктеріңіз жоғары. Бірінші тоқсанды 5,4 пайызбен қорытындылап отырсыздар. Бүгінгі кездесуіміздің сипаты ресми болмаса да, мен үлкен құраммен келдім. Дегенмен, әрбір осындай бейресми жүздесулер біздің байланыстарымызға, барлық келісімдеріміздің орындалуына тың серпін береді, – деді Шавкат Мирзиёев.

Тараптар саяси, сауда-экономикалық, көлік-логистикалық, инвестициялық, энергетикалық, су шаруашылығы, өнеркәсіп кооперациясы және туризм салаларындағы өзара ықпалдастықтың перспективасын жан-жақты талқылады. Мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар, өңірлік және халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелері қарастырылды.

Кездесу соңында президенттер қазақ-өзбек стратегиялық серіктестігін одан әрі тереңдетуге бейіл екенін растады.

AKORDA.KZ.

ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ

МЫҢДАҒАН АЗАМАТ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТЫН АРТТЫРДЫ

Қаржылық сауаттылық – әр азаматтың өміріндегі маңызды дағды. Несие алу оңай болғанымен, оны тиімді басқару, қарыз жүктемесін азайту, қаржылық алаяқтардың арбауына түспеу – үлкен жауапкершілік. Осы мәселелерді шешу мақсатында «AMANAT» партиясы 2023 жылы «Қарызсыз қоғам» жобасын іске қосты. Екі жыл ішінде бұл бастама 850 мыңға жуық адамның қаржылық сауатын арттыруға көмектесті. Сонымен қатар, 70 мыңға жуық азамат заңгерлік кеңес алып, өз несиелерін реттеуге мүмкіндік алды.

Жобаның тиімділігі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тарапынан да бірнеше рет атап өтілді. Президенттің тапсырмасымен Мәжілістегі «AMANAT» партиясының фракциясы жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң әзірледі. Бұл құжат несие рәсімдеу кезіндегі тәуекелдерді төмендетуге, қарыз алушылардың құқығын қорғауға бағытталған. Осы заң аясында 2026 жылға дейін банктер мен микроқаржы ұйымдары азаматтардың несиесін коллекторларға сатуға мораторий енгізді. Сондай-ақ кепілсіз тұтынушылық несиелер бойынша ең жоғарғы мөлшерлемелер төмендетіліп, борышкерлердің мүддесін қорғайтын бірқатар шаралар қабылданды.

Жоба басталғалы бері азаматтардың қаржылық сауатын арттыру ғана емес,



алаяқтықпен күреске де ерекше назар аударылуда. Қаржылық мониторинг агенттігімен бірлескен жұмыс аясында өткен жылы 29 қаржы пирамидасы анықталып, 41 заңсыз онлайн-казино жабылды. Қаржылық алаяқтық белгілері бар 327 чат бұғатталып, 1,5 миллионнан астам адам мұндай схемалардан құтқарылды. «Кибербақылау» жүйесі арқылы қаржы пирамидасының белгілері бар 15 мыңға жуық сайт пен әлеуметтік желідегі аккаунт жабылды.

«AMANAT» партиясы мен Қаржылық мониторинг агенттігі меморандумға қол қойып, алдағы уақытта да халықтың қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жалғастырмақ. Енді тараптар бірлескен оқыту материалдарын әзірлеп, қаржылық алаяқтардың әрекеттері туралы халықты жедел хабардар етуге басымдық береді. Сонымен қатар, алаяқтардың құрбандарына қолдау көрсетіп, заңнаманы жетілдіруге ұсыныстар енгізу жоспарланып отыр.

«Қарызсыз қоғам» жобасының тағы бір артықшылығы – оның аясында азаматтар «enbek.kz» порталы арқылы өз кәсібін бастау, соттан тыс банкроттық рәсімдеу, бере-шек төлеу кестесін әзірлеу сияқты маңызды мәселелер бойынша кеңес алады. Оқу барысында заңгерлер әр қатысушының жеке несие тарихын зерттеп, қарыз жүктемесін жеңілдету жолдарын ұсынады.

Курсқа қатысу үшін «qogamfin.kz» сайтындағы арнайы нысанды толтыру қажет. Оқыту күндізгі форматта өтеді, әр топта 50 адамға дейін қамтылады, ал дәрістің ұзақтығы– 5 жұмыс күні. Жоба басталғалы бері проблемалық несиелер деңгейі 2020 жылғы 18 пайыздан 2024 жылы 7 пайызға дейін төмендеді. Бұл – азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыру бағытындағы нақты жетістіктердің бірі.

Н. ҒАЛЫМ.
Астана қаласы.

ІССАПАР

АҚСУАТ АУДАНЫНЫҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІМЕН ТАНЫСТЫ

Аймақ басшысы ауданға жұмыс сапары барысында Ақсуат, Ойшілік, Құмкөл, Көкжыра ауылдарының тыныс-тіршілігімен танысып, тұрғындармен кездесті.

Облыс әкімі Құмкөл ауылына кіреберістегі көпірді салу жобасымен танысты. Ақсуат ауданының әкімі Ерсін Ескендіровтың айтуынша, Тебіске өзенінің үстінен өтетін көпір қайта салынады. Құрылысты 2025 жылдың сәуір айында бастап, 2026 жылдың қыркүйегінде аяқтау жоспарланған. Биыл сондай-ақ Ақсуат пен Ойшілік ауылдарының арасын жалғайтын 30 шақырымнан астам жолдың 7 шақырымына асфальт төселеді. Осы жолдың келесі бөлігі – 10 шақырымы бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде.

Аймақ басшысы жауапты мердігерлерге жұмысты сапалы атқарып, уақытында аяқтауды тапсырды.

Осы жерде облыс әкімі Құмкөл ауылының ақсақалдарымен кездесті. Елді мекеннің қариялары 1970 жылдары салынған көпірдің орнына жаңа өткел салынатынына ризашылықтарын білдірді.

«Бұл көпірдің әбден тозығы жетті. Жаңа көпір салынса жақсы болар еді. Облысымызда осындай игі бастамалар көбейе берсін», - деді Құмкөл ауылының тұрғыны Еркін Төлеугетаев.

Аймақ басшысы ауданға жұмыс сапары барысында Көкжыра ауылына да барды. Тұрғындармен пікірлесіп, елді мекеннің өзекті мәселелеріне назар аударды.

Көкжыра ауылының ақсақалдары елді мекенге Мәдениет үйінің қажет екенін айтып, облыс әкімінен көмек сұрады.

«Көкжыра – ауылшаруашылығы дамыған, әлеуеті жоғары ауыл. Бұл мәселені бұрыннан білемін. Мәселені шешу жолдарын қарастырамыз», - деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі Ақсуат ауданындағы тұрғын үй, әлеуметтік нысандар салу, жолдарды жаңғырту бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жалғасатынын айтып, ауылдар да назардан тыс қалмайтынын, жан-жақты қолдау жасалатынын атап өтті. «Облыстың 10 ауданы мен 2 қаласын аралап, мәселелерімен таныстым. Ақсуат ауданындағы бірқатар нысандарда болдым. Ауданда бірнеше жобаларды іске асыру жоспарланып отыр. Жолдар жөнделеді, көпірлер салынады, жаңа әлеуметтік нысандар бой көтереді. Бұл жұмыс облыстың барлық аудандарында жүзеге асырылады. Өңірде арнайы жол картасы бар. Соған сәйкес тиісті жұмыстар қолға алынады», - деді аймақ басшысы.

АБАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ТАБИҒАТ ТАЗАЛЫҒЫ – ОРТАҚ ІС

Алматы облысында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы қарқынды жүріп жатыр.

Алматы облысында биылғы экологиялық бастамалар үлкен қолдауға ие болды. 2025 жылдың басынан бері өңір тұрғындары табиғатты қорғауға белсене атсалысып, сенбіліктерге жаппай қатысуда. Нәтижесінде жүздеген саябақ, аулалар мен су айдындары тазартылып, мыңдаған ағаш отырғызылды.

Жалпы, өңірде 1952 көпқабатты тұрғын үй ауласы, 55 саябақ пен сквер, 254 тарихи-мәдени ескерткіш пен 462 әлеуметтік нысан тазартылды. Сонымен қатар, 241 өзен-көл мен су қоймасының жағалауы ретке келтіріліп, 956 арнайы техника жұмылдырылды. Экологиялық науқан барысында 1,9 мың тонна қоқыс жиналып, 29,6 мың ағаш отырғызылды. Бұған қоса, 13 келі ағаш тұқымы себілді.

Табиғатты аялауға тек тұрғындар ғана емес, аймақтағы кәсіпорындар да өз үлестерін қосуда. Мыңдаған ұйым қызметкерлері мен еріктілер сенбілік жұмыстарына қатысып, қоршаған ортаны таза ұстауға өз еңбектерін сіңірді.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында өңірде арнайы медиа-жоспар бекітілген. Соның аясында жыл басынан бері бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде 7998-ден астам материал жарияланды. Бұл халықтың экологиялық санасын арттырып, қоғамның табиғатқа деген көзқарасын жақсартуға бағытталған.

«Алматы облысы – Қазақстанның ең көркем өңірлерінің бірі. Оның тазалығы мен сұлулығын сақтау – әрқайсымыздың ортақ міндетіміз. Қаншама адамның бұл іске бейжай қарамай, өз үлесін қосқаны қуантады», – дейді сенбілікке қатысушылардың бірі.

«Таза Қазақстан» акциясы өңірде әлі де жалғасады. Ұйымдастырушылар тұрғындарды сенбіліктермен шектелмей, күнделікті өмірде де қоршаған ортаны қорғауға шақырады. Табиғатты аялау – тек белгілі бір науқанның емес, әр адамның күнделікті өмірінің бір бөлшегі болуы тиіс.

Г. ЖҰМАҒАЛИ.
Алматы облысы.

ҮКІМЕТ

СИНЬЦЗЯН САУДА-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ТОБЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Келіссөз барысында тараптар Алатау қаласы Жетіген ауданында «Қытай–Қазақстан халықаралық сауда-логистикалық орталығын» іске асыру мәселесін қарастырды.

Жоба Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық және көлік байланыстарын дамытуға бағытталған. Оның аясында теміржол және мультимодальды инфрақұрылым, сондай-ақ қойма кешендерін салу жоспарланып отыр.

Тараптар серіктестік шарттарын одан әрі пысықтау жөнінде келісті. Алдағы уақытта мемлекеттік органдар мен компания өкілдері арасында қосымша келіссөздер өтеді.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ШТАБ ОТЫРЫСЫ

ЖАМБЫЛДА ТАБИҒИ АПАТҚА ҚАРСЫ ШҰҒЫЛ ШАРАЛАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев Меркі мен Т.Рысқұлов аудандарында тіркелген жер сілкінісі салдарларын жою мақсатында жедел штаб отырысын өткізді. Отырыста азаматтық қорғау қызметінің, жергілікті атқарушы органдар мен тиісті ведомстволардың жетекшілері қатысты. Аудан әкімдері аймақтық жағдайды егжей-тегжейлі есептеп берді.

Аудандарда зардап шеккен азаматтар тіркелмей, тіршілікті қамтамасыз ететін негізгі нысандар қалыпты жұмысын жалғастыруда. Жалпы, Меркі және Т.Рысқұлов аудандарында 14 әлеуметтік мекеме – оның ішінде 9 білім беру, 2 денсаулық сақтау, 1 әлеуметтік қорғау, 1 спорт және 1 мәдениет салаларына қатысты – ішінара зақымдалғаны анықталды, ал қосымша бүлінген объектілерді анықтау мен зерттеу жұмыстары жалғасуда.

Әкімнің айтуынша, Мемлекет басшысы өңірдегі жағдайды жеке бақылауда ұстап отыр және әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлерді қалпына келтіру, жөндеу

жұмыстарын жүргізу үшін қажетті көмек көрсетуді жүктеді. Премьер-Министрдің тапсырмасына сәйкес, Төтенше жағдайлар вице-министрінің бастаған үкіметтік жұмыс тобы облысқа жіберіліп, әлеуметтік және тіршілікті қамтамасыз ету, өнеркәсіп нысандарының жай-күйі мен жол қатынастары тұрақты бақылауда ұсталып отыр.

Сонымен қатар, Ербол Қарашөкеев аудан әкімдеріне ауылдық елді мекендердегі жағдайды өздері бақылауды, тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын күшейтуді және қажет болған жағдайда психологиялық қолдау көрсетуді тапсырды. Ол БАҚ пен әлеуметтік желілерде жалған ақпараттардың таралуына да ерекше назар аударып, тұрғындарды тек ресми ақпарат көздеріне сенуге шақырды.

Айта кетейік, 2025 жылдың 28 наурызында түнгі уақытта Жамбыл облысының бірнеше ауданы мен Тараз қаласында тіркелген жер сілкінісі кезінде Меркі ауданында 5 балл, Т. Рысқұлов ауданында 4 балл, ал Тараз қаласы мен қалған аудандарда 2 балл күші байқалды. Жер сілкінісі сағат 15:56-да қайта сезіліп, облыс әкімі жедел штабтың тапсырмаларын орындау бойынша кешенді шараларды жүзеге асыруда.

«ST» АҚПАРАТ.

ӨНДІРІС

ЖАҢА КӘСІПОРЫНДАР ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Тотыдай түрленген Талдықорғанда өндіріс орындарының іргесі кеңейіп келеді. Аталмыш салаға бағытталған инвестиция көлемі де жыл санап артып отыр. Осыған орай облыс әкімі Бейбіт Исабаев қаладағы кәсіпорындарды аралап, жұмыс барысымен танысты.

Аймақ басшысы алдымен «Қайнар АКБ» ЖШС аккумулятор шығаратын зауыттың екінші нысанына барды. Жаңа зауытта өндірістік мақсатта пайдаланатын аккумулятор батареялары шығарылмақ. Яғни, электр энергиясы сөнген жағдайда осы аккумуляторларға жиналған тоқ көзі электр желісіне беріледі. Зауыт қыркүйек айында іске қосылмақ. Қазір аталған өндіріс ошағында көлемді ұлғайтып, өнімді арттыруға бағытталған қосымша құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр. Отандық тауар ішкі нарыққа және көршілес елдерге экспортталады.

– Зауытты екінші жарты жылдықта қосамыз. Біз жылына 220 мың аккумулятор шығаруды көздейміз. Сонымен қатар, кәсіпорынға биыл 150 адам, келер жылы тағы да 150 адам тұрақты жұмысқа орналасады. Өнім облыстан бөлек, Әзірбайжан, Қырғызстан, Ресей елдеріне экспортталады, – деді «Қайнар АКБ» ЖШС басшысы Ербол Ажмағанбетов.

Осыдан кейін Бейбіт Исабаев «Басқуат Энерго» ЖШС-на бас сұқты. Қалада зәулім сарайлар мен көпқабатты үйлер бой көтеруде. Осыған орай, электр және жылу энергиясы тапшылығы болмас үшін кәсіпорын электр қуаты 84 МВт-тық, жылу қуаты сағатына 59 Гкал-лық газтурбиналық стансы салуда. Қазіргі уақытта мұнда электр қуаты 35 МВт. және жылу қуаты 26 Гкал/сағ. поршенді турбина орнатылып, монтаждау және іске қосу жұмыстары жүргізілуде.

– Жоба екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезең бойынша 65 пайыз жұмыс аяқталды. Екінші кезеңде электр қуаты 35 МВт. және жылу қуаты 26 Гкал/сағ. болатын поршенді турбина орнатылады. Жоба 2027 жылдың алғашқы жартысында аяқталады, – деді «Басқуат Энерго» ЖШС директоры Арман Отарбаев.

Келесі кезекте аймақ басшысы кірпіш шығаратын «Стальбетон» ЖШС-нің жұмысымен танысты.

Мұнда 90 пайыз жұмыс аяқталыпты. Кәсіпорын бір жарым айда іске қосылмақ. Әзірге өндіріс ошағында 30 адам жұмыс істейді. Барлығы жергілікті тұрғындар. Зауыт толық іске қосылса

тағы 40 адам жұмыспен қамтылмақ. Ең кереметі, жұмысшыларға арналған 70 орынды жатақханасы бар екен. Мамандардың айтуынша, өндіріс ошағында жылына 150 мың текше метр кірпіш шығару жоспарлануда.

– Жер жаннаты Жетісуда туып-өскендіктен кәсібіміздің барлығын осы өңірден аштық. Мақсат – облыстың өркендеуіне кішкене болса да пайдамызды тигізу. Кірпіш зауытына 3 миллиард теңге қаржы салдық. 2022 жылы бос тұрған нысанды реконструкция жасап, Қытайдың «Дуния» кірпіш шығаратын ірі компаниясымен келісімшарт жасап, осы жобаны бастадық. 4,8 гектар жерді жалға алып, 2023 жылы ішкі жұмыстарын бастадық. Бұйырса, бір жарым айда зауыт іске қосылады. Күніне 500 текше метр кірпіш шығарамыз. Өнімді бірінші кезекте облыс жұртшылығына ұсынамыз. Өзіміздің де құрылыс компаниямыз бар, – деген «Стальбетон» ЖШС-нің коммерциялық директоры Динара Орынбасар алдағы уақытта облыстық әкімдікпен келісіп, тағы бір зауыт салсақ деген ойы бар екенін жеткізді.

А. ҚАЛИЕВ.
Жетісу облысы.

КЕЗДЕСУ

ЖҰМЫСТАРДЫ ЖЕДЕЛДЕТУДІ ТАПСЫРДЫ

Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов Көкшетау қаласындағы құрылыс алаңдарын аралап, бірқатар нысандардың жай-күйімен танысты. Жұмыс сапары барысында ол реновация бағдарламасы аясында Быковский көшесінде салынып жатқан тұрғын үйлердің құрылысын бақылады. 231 пәтерлік тұрғын кешенін қазан айының соңында тапсыру жоспарланған.

Сондай-ақ өңір басшысы Саин көшесіндегі үйлерге барып, жергілікті тұрғындармен кездесті.

«Жаңа үйге көшіп баруға қазірдің өзінде дайынбыз. Құрылыс қарқынды жүріп жатқанын көріп, қуанып отырмыз», – деді Саин көшесіндегі 41-үйдің тұрғыны Евдокия Дельхман.

Марат Ахметжанов Вернадский көшесіндегі 11-үйдің жағдайын да назардан тыс қалдырмады. Бұл апатты үй алдағы уақытта реновация бағдарламасы аясында бұзылып, оның орнына жаңа тұрғын кешені салынбақ. Жоба аясында аулалық кеңістік, коммерциялық нысандар және автотұрақ қарастырылады. Қазіргі таңда қажетті құжаттар дайындалып, есептеулер жүргізілуде.

Облыс әкімі құрылыс қарқынын бағалап, жұмыстарды жеделдетуді тапсырды.

«Дайын тұрғын үйлерді халық үшін сатып аламыз. Алдағы бірнеше жыл ішінде ескі үйлердің тұрғындары біртіндеп жаңа баспаналарға көшірілуі керек», – деді Марат Ахметжанов.

Айта кетейік, реновация бағдарламасы Ақмола облысының Бурабай ауданында және Көкшетау қаласында белсенді жүзеге асырылып жатыр.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

МЕРЕЙТОЙ

АҚЫННЫҢ ӘДЕБИЕТКЕ ҚОСҚАН ЕЛЕУЛІ ҮЛЕСІ



Көрнекті ақын, Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Серік Ақсұңқарұлы 75 жасқа толып отыр. Еңбек сіңірген қайраткерді облыс әкімдігінде мерейтойымен құттықтады. Өңір әкімі Ермағанбет Бөлекпаев мерейтой иесінің ел мәдениетінің дамуына қосқан елеулі үлесі үшін алғыс білдірді.

– Сіз көрнекті ақынсыз, құрметті азаматсыз. Дарыныңызбен қазақ әдебиетіне зор үлес қосып келесіз. Сіздің шығармаларыңыз жастайыңыздан жоғары бағаланып, оқырмандардың ыстық ықыласына бөленді. Сіз көп жылдар бойы Қазақстан Жазушылар одағының Қарағанды облыстық филиалын басқардыңыз. Сарыарқаның дарынды ақындарын бір арнаға біріктіру жас жазушыларға үлгі болды, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Аймақ басшысы мерейтой иесіне зор денсаулық пен бақ-береке тіледі.

Ақынның еңбегі мен талантын өңірдегі әріптестері де атап өтті.

– Ақын өз халқынсыз өмір сүре алмайды. Мен облысымызда қоғамымыздың өзекті мәселелерін көтеретін дарынды жазушылардың көп екеніне қуаныштымын. Халық мәдениетті жоғары бағалайды. Халқыма менің шығармашылығымды қолдағаны және құрметтегені үшін ризамын,– деп алғысын білдірді Серік Ақсұңқарұлы.

Қазақ ақыны Серік Ақсұңқарұлы Ақтоғай ауданының Қызыларай ауылының тумасы. Алғашқы өлеңдерін мектеп жасында жазған. Қарағанды мемлекеттік университетін бітіргеннен кейін газеттерде еңбек етті. Қазақстан Жазушылар одағының, Абай халықаралық клубының мүшесі. 15 кітаптың авторы, үш томнан құралған таңдаулы шығармалар жинағы жарық көрген. Серік Ақсұңқарұлы аудармашы ретінде де танымал: қазақ тілді оқырмандар үшін ол Александр Пушкин, Анна Ахматова, Марина Цветаева, Евгений Евтушенко, Назым Хикмет және тағы басқа ақындардың өлеңдерін аударған. Өз кезегінде оның өлеңдері орыс, украин, түрік, қырғыз, әзірбайжан, моңғол және испан тілдеріне аударылған.

Серік Ақсұңқарұлының кейбір шығармалары әлемнің негізгі алты тіліне аударылып, қазақ поэзиясының антологиясына енді.

Қазіргі уақытта ақын жеті томдық шығармалардың толық жинағын жариялауға дайындап жатыр.

Серік Ақсұңқарұлының көптеген марапаттары мен сыйлықтары бар. Ол Қарағанды, Ақтоғай және Қарқаралы аудандарының құрметті азаматы.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ТҰРҒЫН ҮЙ

БАСПАНАМЕН ҚАМТУ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен тұрғындарды баспанамен қамту, өңірде тұрғын үйлер салу бағытындағы өзекті мәселелер талқыланған жиын өтті. Облыс әкімі осы салаға жауапты басшыларға тұрғын үй құрылысы мәселесін тиянақты зерделеп, жұмысты сапалы атқаруды тапсырды.

– Құрылыс басқармасында тұрғын үй саясатына қатысты нақты сараптама болуы керек. Зерделеу жұмыстарын жүргізіп, сол арқылы жоспар жасалады. Баспанамен қамту–өте өзекті мәселе. Аудан, қала әкімдерінің осы бағыттағы көрсеткіштерін саралап, тиісті ұсыныстар беріңіздер. Үй салатын аймақты инфрақұрылыммен қамту, құрылысты қаржыландыруға қатысты шаралар да зерттеліп, тұрғын үйлердің құрылысы уақтылы әрі сапалы жүргізілуі тиіс, – деді Нұралхан Көшеров.

Облыстық құрылыс басқармасының басшысы Сұлтанғали Жалқұлдың айтуынша, 2018-2024 жылдар аралығында кезекте тұрған азаматтарға бюджет есебінен 16 925 (9308 – арендалық, 7617 – кредиттік) пәтер берілген. 2024 жылы 47,8 миллиард теңгеге 2590 арендалық пәтер (245 үй, 170,1 мың м2) сатып алынған. Облысқа 2025 жылы 578 арендалық пәтер сатып алуға 7,7 миллиард теңге бөлінді. Бұл бағыттағы жұмыстар одан әрі жалғасын табады.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

ӨНЕР МЕН ЕҢБЕК ҰШТАСҚАН МЕКТЕП

Елімізде 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жарияланғаны баршаға мәлім. Жаны қалаған кәсіпті меңгеріп, Абай айтқан «кірпіш дүниеге кетігін тауып қаланудың» негізі мектептен басталады. Мектеп – тек теорияны оқытып қоймай, шәкіртті белгілі бір өнерге баулитын, баланың жан қалауын тауып, үлкен өмірге жетелейтін орын. Бүгінгі әңгіме осындай бірегей білім ордасы – Іле ауданының №51 орта мектебі туралы болмақ.

Жәпек батыр ауылдық округіне қарасты Жаңақұрылыс аталып кеткен елді мекенде орын тепкен бұл мектептің ашылғанына бірер жылдың жүзі болған. Таяуда бір шаруамен жолымыз түсіп, мектепке бас сұққанымызда өзге оқу орындарынан өзгеше, адам жанын өзіне тартып тұратын бір жылулық байқадық. Әуелі мектепке кіреберісте алыстан менмұндалап тұрған қар барысының мүсіні көзге түсті. Түр-тұрпаты біз көріп жүрген жадағай, ұқсаса болды деп сомдай салған мүсіндерден бөлек, кәнігі мүсіншінің қолынан шыққандай. Мүсіннің авторы осы мектептің көркемөнер бірлестігінің мұғалімі Ерлан Жақсымбетов екен. Барыс мүсіні қызықтырып, Ерланды сөзге тарттық.

– Мектеп алғаш ашылғанда жұмысқа келдім. Содан директорымыз Шапия Бектұрғанова мектептің алдына барыстың мүсінін жасап көрсең деген ой айтты. Бұрыныракта Тараздағы үйімнің ауласына қасқырдың мүсінін жасағаным бар еді. Жай көзге оңай көрінгенімен, әжептәуір уақытты алатын жұмыс. Бұған үш ай сарп еттім. Әуелі ғаламтордан қар барысының жүз шақты суретін қарап зерттедім. Өйткені, жануардың анатомиясы дұрыс шығуы керек. Денесі, алдыңғы, артқы аяқтары мен басы, құйрық бөлігінің пропорциясы дәл келмесе, мүсін ойдағыдай шықпайды. Инсталляцияны жасауға мектеп құрылысынан қалған арматура, темір тор, цемент, суға төзімді бояу пайдаландым. Жапан далада қалып кеткен жыртқыш сияқты болмасын деп артына тау-тастың, оның етегіне қарағайлардың мүсінін жасадым. Жақсы дүние жерде жата ма, көрген жұрт бірден әлеуметтік желіге салып, жан-жаққа тарап кетті. Тараз, Атыраудан жасап берсең деп сұрағандар болды, – деген ол қолынан шыққан тағы бір соны дүниесіне ертіп ала жөнелді.

Мектеп ғимаратының ішінде оқушылар жүретін залдың бір бұрышынан орын тепкен табиғат инсталляциясы көзге бірден түседі. Бұл да оқу орны басшылығының ұсынысымен, қолдағы бар құрылыс материалдарын пайдаланып ерекше ынтамен жасалған туынды болып шықты.

– Көп мектептен көріп жүрген жай ғана бір бұрыш жасағым келмеді. Ғимарат іші болса да, оқушылар үзіліске шыққанда табиғат аясында жүргендей бір демалып қалатын орын болса дедім. Мұндағы тау–Алатаудың бедерін, ақ қайыңдардың қаңқасын 6 миллиметрлік арматурадан дәнекерлеп, сыртын гипспен сылап жасадым. Оның сыртын левкас, эмульсия және оған түс беретін бояу қосып әрледім. Жұмысты аяқтауға бір ай уақыт кетті. Жоспарым бойынша енді ортада субұрқақ және елік жасаймын, – дейді Ерлан.

Жалпы, мектептің қай бұрышын қарасаңыз да, осында көркемөнер пәнінен сабақ беретін мұғалімдердің қолынан шыққан туындыларға толы екенін байқауға болады. Сондай көрнекі дүниелердің бірі Абай Құнанбаевтың кілемге салынған бейнесі болды.

– Әр мектепте Абай бұрышы болуы керек. Бірақ, қазір жай ғана сурет салып біреуді таңқалдыра алмайсың. Ойлана келе суретшілер арасында гибридті өнер деп аталатын кілем бетіне бейне салуды дұрыс көрдім. Мұнда графиканың ішіндегі аэрография техникасын қолданып, баллондағы бояу арқылы бір аптада салып шықтым. Абай атамыздың бейнесі мен оның білім алудың артықшылығы туралы бір шумақ өлеңі оқушыларға қатты ұнады. Келген қонақтар да қасынан бей-жай өтіп кетпей, қызықтап, сұрап, суретке түсіп жатады, – дейді туынды авторы, көркемөнер бірлестігінің жетекшісі Дәулет Нұрмұханбетов.

Мектеп фойесінің екі жақ қабырғасына жағалай ілінген түрлі қолөнер бұйымдары, картиналар білім ошағының көркін кіргізіп, ерекше әсерге бөлейді. Мұның барлығы мектептегі көркемөнер бірлестігіндегі ұстаздар мен олар үйреткен шәкірттердің қолынан шыққан. Мектептің көркемөнер бірлестігінде қыздарға қазақтың ұлттық нақыштағы бұйымдары – текемет, алаша тоқу, түрлі сәндік бұйымдар жасау, ши тоқу, моншақтардан әйелдерге арналған қолсөмке тоқу өнерін де үйретеді. Көркем еңбек пәнінің мұғалімі Гүлнұр Қыдырманованың айтуынша, үйірмеде қыздар шиді шым ши, ораулы ши және ақ ши түрінде тоқуды үйренеді. Тоқылған шиден жасалған тақта сияқты бұйымдар ауылдық жерде құрт, ірімшік кептіруге пайдаланылса, қалалық жерлерде заман талабына сай түрлі ғимараттарда бөлме қабырғаларын безендіруде артқы фонын толтыруға пайдаланылады.

Шиден тоқылған бұйымдарды кейде балабақша сияқты мекемелерден бөлме ішін сәндеу үшін сатып алуға сұраныс түсіп жатады. Жасаған заттарын оқушылар әлеуметтік желілерге салып қояды.

Көркем еңбек пәнінің мұғалімі Дәрігүл Бекнұсқаева үйірме жүргізіп, қыздарға моншақтан қолсөмке, себет, аяқ киім сияқты бұйымдар жасауды үйретеді екен. Айтуынша, моншақтан түрлі зат жасау қыздарды төзімділікке, шыдамдылыққа, бастаған ісіне жауапкершілікпен қарап, аяғына дейін жеткізуге үйретеді, үлкен өмірге дайындайды. Үйірмедегі жасы ең кішкентай қыз 2-сынып оқиды.

– Бір бұйымды жасауға үш күнге дейін уақыт кетеді. Дұрыс шықпаса, қайта істеуге де төзім керек. Қыздар тек тоқуды ғана емес, жасаған заттарын қалай сатуды да үйрене бастады. «Тик-ток», «Instagram», «WhatsApp» сияқты желілерге жариялап, сатады. Басқа мектептерден семинарға келген мұғалімдер салтанатты жиынға, той-томалаққа ұстауға қолсөмкелерді қызығып сатып алып жатады. Бір сөмкенің бағасы 10 мың теңгеден басталып, 25 мың теңгеге дейін барады, – дейді Дәрігүл Бекнұсқаева.

Қандай да болсын материалды ұқсатуға, одан пайдалы нәрсе жасауға құрал-жабдық керек екені сөзсіз. Әңгіме орайы келгенде ондаған оқушыға өнер үйретіп, мектептің безендірілуіне үлкен үлес қосып отырған көркемөнер кабинетінің жай-күйі туралы да сұрадық.

– Мектебіміздің көркемөнерге қатысты материалдық-техникалық базасы керемет дей алмаймын, осындағы біраз туындыны жасауға қажет материалдарды өзіміз сатып алуға тура келеді. Қазіргі «Жайлы мектеп» бағдарламасы аясында салынып жатқан мектептерге қарап қызығамыз. Олардың материалдық-техникалық базасы жақсы, барлығы қамтылған. Өзіміз жұмыс істейтін орын болғандықтан мереке, атаулы күндері мектептің безендіру жұмысына көп көмегіміз тиеді. Десе де қолда барды ұқсатып, оқушыларға да бірдеңе үйретуге тырысып жатқан жайымыз бар, – дейді бірлестік жетекшісі Дәулет Нұрмұханбетов.

А. МҰҚАН.
Алматы облысы.

ЕҢБЕК АДАМЫ

АҒАЙЫНДЫ МЕХАНИЗАТОРЛАР

Өскелең ұрпақты адал еңбекке тәрбиелеу–талайды толғандырған түйткілді мәселе. Жас толқынға жақсы мысал болар деген үмітпен бір әулетте өсіп-өнген ағайынды механизаторлар туралы сыр шертудің реті келіп тұр.

Жарқайың ауданы, Пригородный ауылында ынтымағы жарасқан, еңбектен бақытын тапқан Бикташевтар отбасы тұрады. Бір ерекшелігі, ыстық ұяда, шырайлы шаңырақта тәлім-тәрбие алған, тепсе темір үзетін үш бірдей жігіт жер баптап, механизаторлық мамандықты қапысыз игерген. Үшеуі де қабырғасы қатып, буыны бекіместен техникаға үйір болып өсіпті. Көзін ашқаннан көргені осы болған соң, елбесіп-селбесіп ер жеткен ағайынды азаматтар ел ішіндегі техника атаулыны бала кезінен бастап тізгіндеп, көз көріп, қол үйренген соң майталман маманға айналған.

Ағайындылардың үлкені Денис Фаритович орта мектепті бітіргеннен кейін еңбек жолын «Рассвет» шаруа қожалығында бастады. Ынталы жігіт шағын шаруа қожалығының бар шаруасын ұршықша иіріп әкеткен. Бір айта кетерлігі, бұл өңірде де алдынан жұмыс үркіп отыратын механизаторлар жетіспейді. Себебін де сұрап көрдік. Денис Фаритовичтің айтуына қарағанда, шалғайдағы шағын ауыл жастарының осы бір қат мамандықтан қол үзіп қалуының әлденеше себебі бар, біріншіден, өтпелі кезеңнің өкпек желі шаруашылықтардың түндігін желпілдеткен қиын кезде механизаторларға ауылдық жерде жұмыс болмай қалды. Барының өзі көктемгі егіс, күзгі орақ сынды науқандық жұмыс кезінде ғана. Адал еңбектеріне сай еңбекақы да жарытымсыз болды. Бірін екі ете алмай жатқан шаруашылық басшылары жұмысшылардың еңбекақысын шөп, сабан, астық қалдығы тәрізді өнімдермен өтеді. Табаны тастан таймаған тарланбоздай күнді түнге, түнді күнге ұластырып адал еңбек еткен адамдар табысына ауыз жарымағаннан кейін механизаторлық мамандықтан қол үзіп қалды. Әрі жастардың да еңбекке деген көзқарасы күрт өзгерді, табысы мол жеңіл жұмыс іздей бастады. Аға буын зейнет демалысына шығып кеткен. Денис шаруа қожалығынан кейін Уәлиханов ауылындағы «Жер-1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде механизатор болып еңбек етті. Кейінгі толқынға өнеге көрсетті. Техника тілін меңгертумен қатар, еңбектің қадіріне жету, өз жұмысын тап-тұйнақтай етіп атқару азаматтыққа сын екендігін саналарына құйды. Жай сөзбен ғана емес, өзінің тегеурінді ісімен.

Ағайындылардың ортаншысы Виталий «Бауыр-Агро» серіктестігінің механизаторы. Ол да бұрын «АЯ Люц», «Азамат-4» шаруа қожалықтарында жұмыс істеген.

– Мен механизатор болғанымды мақтан тұтамын, – дейді Виталий. – Біз ала жаздай тырбанып тіршілік етіп, ел игілігін еселесек, жалғыз өзіміздің нәпақамыз емес, жалпақ жұртқа ортақ ырыздық. Байқап қарасаңыз, механизатор болу да оңай емес. Дән өссе, маңдай термен өседі. Ең алдымен жер тынысын, ауа райының ау-жайын тамыршыдай тап басып аңғара білген жөн. Содан соң дән себетін уақытты, топырақтың жылуын, ылғалдың жайын сезіне білу керек. Әрине, қазіргі техника біздің әкелеріміз бен аталарымыз тізгіндеген техника емес, жетілген, жаңарған. Сонда да тізгінін ұстаған соң тілін табуың шарт.

Кенже ұл Рамиль ағаларының жолын қуып, механизатор болуға аңсары ауған. «Арғын Т-50» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде жұмыс істейді. Қоғамдық жұмысқа да жиі араласады. Ақық дән аялаған әулеттің сәулелі соқпағын жалғастырып келе жатқан абыройлы азаматтың бірі.

– Механизаторлық мамандық білім мен білікті ғана емес, жауапкершілікті де қажет етеді. Біздің еңбегіміз арқылы шаруашылық, шаруашылық қана емес, қоғам игілікке ие болады. Ауылдық жерде механизаторға жұмыс жетерлік. Көктем келісімен астықты алқапты өңдеуге шығамыз. Бусанып, балбырап жатқан дала төсіне болашақ ырыздықтың тұқымын себеміз. Шынын айтқанда, осы бір көріністен кәдімгідей ләззат аламын, қара бұйра топыраққа еккен дәннің көгеріп, көктеп шығуы бір ғажап дүние. Одан соң балапандай баптап, көк өскінді аялау тілмен айтып жеткізгісіз қуаныш. Сарша тамызда, сағым ойнаған сары далада теңіздей толқыған дәнді алқаптың масақтары жайнап тұрады. Техниканы уақытында дайындап, күтіп баптаймыз. Жауапты науқанда тұрып қалмауы керек. Ол уақытта қас-қағым сәт қымбат. Агрономмен ақылдасып, ауа райын болжап үмітпен еккен егінің жайқалып шыққаны – жан рахаты.

Виталий Фаритовичтің ойынша, ұжымдаса еңбек еткен ұтымды. Ауа райының сынағына төтеп беруде де иық тірестіріп еңбек ететін, бір мақсатта жұмылған ұжым болғаны жақсы. Оның үстіне әр жыл сайын жаңарып жататын құрылғыларды, алуан түрлі техникаларды меңгере білуің керек.

Ағайынды механизаторлар ел ішінде үлкен беделге ие. Олардың еңбекқорлығы, іскерлігі жастарға үлгі ретінде жиі айтылады. Бикташевтар әулетінің берекелі еңбегі ел игілігін еселеуге жұмсалып жатыр. Қолдары қалт еткенде өз шаруаларымен айналысады, аналарына көмектеседі. Бақытын байтақ даладан тапқан, он саусағынан өнер тамған осы бір әулеттің тамаша тағылымы жастарға жақсы үлгі.

Б. БАЙӘДІЛ.
Ақмола облысы.

КӨКТЕРЕКТІҢ КӨСЕГЕСІН КӨГЕРТКЕН

«Елге ел қосылса құт қонады» дегендей, шетелден оралған қандастарымыз еліміздің өркендеуі үшін үлес қосуда. Көксу ауданы, Мұсабек ауылында тұратын Еркін Пидахметұлы 15 жыл бойы тынымсыз еңбектеніп, ауылдың тау жақ бөктеріне 8 мың түп көктерек көшетін отырғызып, оны күтіп-баптап, бүгінде аспанмен бой таласқан бау-бақшаға айналдырды. Әрине, осы талпыныстың қалқасында қаншама еңбек, төзімділік, күш-жігер жатқанын есептей беріңіз.

Атажұртқа сонау 2008 жылы біржолата қоныс аударған Еркін алғашында Талдықорған қаласының іргесіндегі «Ащыбұлақ» саяжайында қоныстанады. Арғы бетте «еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген қағидамен шыңдалған жас жігіт 30 сотық ауласына Қытайдан ала келген алма, өрік, көктеректің көшетін егіп, жерсіндіреді.

– 10 жасымнан бастап ағаш егіп, оны күтіп-баптауға құмарттым. Елге оралған соң да осы кәсіпті қолға алғым келді. 2010 жылы елімізде «Жасыл Қазақстан» бағдарламасы қолға алынды. Сол тұстағы облыс әкіміне хат жазып, өзімнің орман өсіріп, қоршаған ортаны көркейту арманымды жеткіздім. Бұл өтінішім қабылданып: «Облысқа қарасты қайсы ауданнан лайықты жер көрсең, сол жерді өзгертуге қолдау көрсетіледі» деген жауап алдым. Сонымен Талдықорған қаласы, Ескелді, Қаратал, Көксу аудандарының ауылдарын аралап жүріп, таңдауым Көксу ауданының Мұсабек ауылына түсті. Осы ауылдың тізгінін ұстап жүрген азаматтар 22 гектар жер телімін беріп, арманымды ұштады. Сонымен алғашында алма ағашын егіп көріп едік, өнбеді. Өйткені, Мұсабек ауылының жері құмдауыттау, желі үзілмейтіндіктен жеміс ағашын өсіру қиындау екен. Содан кейін, Қытай көктерегінің көшетін әкеліп, еге бастадым. Арманымыз алдаған жоқ. Бүгінгі жағдайын көріп тұрсыздар, – дейді Еркін бас-аяғы 1 шақырымға созылып жатқан 10 қатар болып тізіліп өскен көктеректі нұсқап.

Еркіннің бастамасын «Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» дейтін Мұсабек ауылының әкімдік қызметкерлері мен ауыл ақсақалдары, тұрғындар мен мектеп ұжымы бірден қолдап, ағаш көшетін отырғызу кезінде, оны суғарып, күтіп-баптаған тұста көп көмек көрсетеді.

– Ауылымыз желдің өтіне орналасқан, оның үстіне, топырағы құмдауыт болғандықтан бақша өнімдері, жеміс-жидек өспейді. Еркін ең алғаш ауылға алма ағашын егіп еді, жер жағдайына байланысты жерсінбеді. Содан кейін ауылды айналдыра көктерек егіп, оның қалқасына алма, өрік ағаштарын егіп өсірді. Қазір олар жеміс беріп тұр. Көктеректер биіктеп өсіп, жел мен құмды тосқандықтан азынаған жел тоқтап, ауылды құм баспайтын болды. Ауылдастар ауласына бақша өнімдерін егіп, нәпақа табатын болды. Сөйтіп, Еркіннің көктерегі бүкіл ауылдың бейнесін өзгертіп жіберді, – дейді Мұсабек ауылының тұрғыны Зиягүл Досанқызы.

«Еркіннің көктерегі» деген сөзді бүгінде Мұсабек ауылының тұрғындары мақтана айтады. Көктеректің көсегесін көгерткен Еркін қосымша қара ағаштың тұқымын да сеуіп, 1-2 жылдық көшетін Астана, Алматы, Түркістан қалалары мен Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстарына саудалап, нәпақа табады.

– Біздің елде еңбектенген адамға барлық жағдай жасалған және кәсіптенуге мүмкіндік мол. Менің төрт түлігім де, бизнесім де, кәсібім де осы ағаш. Алдағы уақытта мұның санын да, аумағын да кеңейтіп, көктерекпен бірге жеміс ағашын өсіріп, қоршаған ортаға қосар үлесімді еселей беремін, – дейді азамат.

Еркіннің бұл арманын жүзеге асыруға ауыл, аудан әкімдігі де қолынан келгенше көмектесуге дайын. «Көп түкірсе көл толады» дегендей, бұл еңбектің нәтижесін ертеңгі ұрпақ көреді.

Қ. АНДАС.
Жетісу облысы.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКАҒА ҚАРСЫ КҮРЕС КҮШЕЮДЕ

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында облыс бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің қызметкері Жағыпар Исатаевтың қатысуымен баспасөз конференциясы өтті. Кездесу барысында қаржы пирамидалары, заңсыз ойын-сауық бизнесі, акцизделетін өнімдердің және мұнай өнімдерінің заңсыз айналымы сияқты көлеңкелі экономика саласындағы өзекті мәселелер талқыланды.

Жағыпар Қожахметұлының айтуынша, қаржы мониторинг органдарының негізгі мақсаты – ел экономикасының тұрақтылығын сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау және көлеңкелі экономикамен күресу. 2023 жылғы 14 шілдеде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспар осы бағыттағы жұмыстардың дәлелі.

Департамент пен «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы бірлесе отырып, ай сайын заңсыз кәсіпкерлік, акцизделетін өнімдердің заңсыз айналымы және қаржы пирамидалары бойынша «дөңгелек үстел» өткізеді. Сонымен қатар, облыста жанар-жағармай материалдарын заңсыз тасымалдау мәселесіне ерекше назар аударылуда. «Переток» жедел-профилактикалық шарасының нәтижесінде ЖЖМ-дың заңсыз шығарылуы 65 пайызға азайып, ауылшаруашылығы саласындағы шаруаларға оң әсерін тигізді.

Баспасөз конференциясында қаржы пирамидаларының азаматтарға келтіретін зияны туралы да кеңінен айтылды. 2024 жылдың алғашқы үш айында қаржы пирамидаларына қатысты бес қылмыстық іс тіркелген. Өткен үш жыл ішінде облысымызда 200-ден астам адам қаржы пирамидаларының құрбаны болыпты.

– Қаржы пирамидалары азаматтардың сенімін пайдаланып, оңай табыс табуды уәде етеді. Алайда, шын мәнінде бұл – алаяқтықтың айқын түрі. Қылмыскерлер сіздің ақшаңызды алғаннан кейін, не жоғары пайыз төлеуге, не бастапқы салымды қайтаруға міндетті емес. Сондықтан азаматтарды күмәнді ұйымдарға қаржы құюдан сақтануға шақырамыз, – деді Жағыпар Қожахметұлы.

Мысалы, тергеп-тексеру барысында «Chia Tai» қаржы пирамидасының ұйымдастырушысынан заңсыз табыс ретінде алынған пәтер мен 10 миллион теңге тәркіленді. Ал, биыл ақпан айында Қазақстан бойынша кең таралған «Асар Баспана» қаржы пирамидасының қызметі тоқтатылды. Ұйым салымшыларды жылжымайтын мүлік, көлік немесе тұрмыстық тауарлар сатып алу үшін қаражат салуға шақырып, ай сайын 30 пайызға дейін пайда табуға уәде еткен. Тінту кезінде ұйымдастырушылардан 1,2 миллиард теңге, 13 премиум-класты автокөлік тәркіленіпті.

– Қаржы пирамидаларына адамдар тек салымшы ретінде ғана емес, қасақана немесе байқамай, жарнамалаушы және жаңа мүшелерді тартушы ретінде де қатысып кетуі мүмкін. Бұл үшін де заң бойынша жауапкершілік қарастырылған. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 217-бабына сәйкес, қаржы пирамидасын ұйымдастырғандар 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін, ал жарнамалаушылар 3 жылға дейін сотталады, – деді Жағыпар Қожахметұлы.

Департамент мамандары қаржы пирамидалары мен көлеңкелі экономикаға қарсы күресте тек қылмыстық іс қозғаумен ғана шектемей, алдын алу және түсіндіру жұмыстарын белсенді жүргізуде. 2024 жылы қаржы пирамидасы белгілері бар 4 300 сайт бұғатталған. Сондай-ақ облыс мектептері мен колледждерінде қаржылық сауаттылық бойынша 80-нен астам дәріс оқылған. Азаматтар қаржы пирамидаларының заңсыз әрекеттеріне қатысты ақпарат алу үшін «Байқа, пирамида» «Telegram-ботын» немесе ҚР Қаржылық мониторинг агенттігінің сайтына жүгіне алады. Сондай-ақ облыс бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің сенім телефоны: 34-75-38.

Баспасөз конференциясы соңында Жағыпар Исатаев барлық азаматтарды қырағы болуға және қаржы пирамидаларына алданып қалмауға шақырды.

– Қаржы пирамидаларына қатысудың салдары ауыр болуы мүмкін. Күмәнді ұйымдарға ақша салмас бұрын, заңды тұрғыдан тексеріп, сараптаңыз. Құқық бұзушылықтарды анықтасаңыз, міндетті түрде тиісті органдарға хабарлаңыз, – деп түйіндеді спикер.

Брифинг соңында БАҚ өкілдері спикерге сұрақтар қойып, нақты жауаптарын алды.

Г. ЖЫЛҚЫБАЕВА.
Жамбыл облысы.

ҚҰҚЫҚ ТӘРТІБІ

ЖАЛҒАН ТЕРРОРИЗМ: ҚАУІПТІ ОЙЫННЫҢ САЛДАРЫ

Соңғы жылдары жалған терроризм туралы хабар таратын оқиғалар жиілеп кетті. Кейбіреулер бұл әрекетті қалжың немесе көңіл көтеру деп қабылдаса, енді бірі жеке мақсаттарын жүзеге асыру үшін қолданады. Алайда, мұндай әрекеттер қоғамда үрей туғызып, мемлекеттік құрылымдарды дабыл қағуға мәжбүрлейді.

Статистикаға сүйенсек, соңғы екі жылда облысымызда осындай 16 дерек тіркелген. Әрбір жағдайда полиция, құтқарушылар, медициналық қызметкерлер, терроризмге қарсы арнайы жасақ оқиға орнына жедел жетіп, тексеру жұмыстарын жүргізеді. Бірақ, көп жағдайда ақпарат жалған болып шығады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 273-бабына сәйкес, терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлама таратқандарға 5000 айлық есептік көрсеткіш (17 миллион теңгеден астам) көлемінде айыппұл салынады немесе бес жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Сонымен қатар, жалған хабарламаның салдарынан шығынға ұшыраған жеке және заңды тұлғаларға келтірілген залал өтелуі тиіс. Бұл сома 200 мыңнан 2 миллион теңгеге дейін жетуі мүмкін.

Мұндай қылмысты көбіне жасөспірімдер жасайды. Олардың арасында бұл әрекетті қызық көретіндер де, қасақана жасағандар да бар. Құқық қорғау органдарының мәліметінше, терроризм туралы жалған хабар таратқаны үшін жауапкершілік 14 жастан басталады. Демек, жасөспірімдер ғана емес, олардың ата-аналары да әкімшілік жазаға тартылады.

2024 жылдың 8 сәуірінде Меркі аудандық полиция бөлімінің «102» пультіне белгісіз адам облыстық наркологиялық диспансерінде жарылғыш зат бар деп хабарлаған. Төтенше жағдай қызметі дереу іске кіріскенімен, ақпарат расталмады. Жедел-іздестіру шараларының нәтижесінде 20 жастағы тұрғын ұсталды. Ол есірткіге мас күйінде жалған қоңырау шалғанын мойындады. Бұрын есірткі сақтағаны үшін сотталған, сондай-ақ нашақор ретінде есепте тұрған бұл азамат бұрын да наркологиялық диспансерде мәжбүрлі ем қабылдаған.

2024 жылдың 11 ақпанында Тараз қаласындағы екі колледжге жарылғыш зат қойылғаны туралы хабар тарады. Оқиға орнына полиция, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, төтенше жағдай қызметі, жедел әрекет ету жасағы және кинологтар шұғыл жетті. Ғимараттарды мұқият тексергенімен, жарылғыш зат табылған жоқ.

Жалған хабар тарату құқық қорғау органдарының жұмысын қиындатып қана қоймай, бүкіл қоғамға айтарлықтай шығын әкеледі. Кез келген осындай оқиға кезінде полиция, ұлттық гвардия, төтенше жағдай қызметі, медицина қызметкерлері, өрт сөндірушілер, мемлекеттік қауіпсіздік органдары түгелдей жұмылдырылып, жағдайды бақылауға алады. Бұл ел экономикасына, қоғамдық тәртіпке, жеке азаматтардың психологиялық жағдайына да әсер етеді. Мемлекеттік мекемелер жұмысын уақытша тоқтатады, адамдар эвакуацияланады, кәсіпкерлер мен жеке тұлғалар материалдық шығынға батады.

Құқық қорғау органдарында мұндай жағдайларда әрекет етудің нақты алгоритмі бар. Бірінші кезекте түскен ақпарат арнайы журналға тіркеледі. Оперативтік кезекші хабарламаның қаншалықты шынайы екенін бағалайды. Егер қауіп-қатердің бар екеніне күдік болса, дереу құқық қорғау органдарына хабар беріледі. Оқиға орнына жеткен жедел топ ғимаратты тексеріп, қажет болған жағдайда азаматтарды эвакуациялайды. Сонымен қатар, жалған хабар берген адамның кім екенін анықтау жұмыстары жүргізіледі. Қазіргі таңда құқық қорғау органдары телефон жазбалары мен заманауи технологияларды қолдану арқылы кінәлілерді тез анықтай алады. Сондықтан мұндай заңбұзушылықтар ізсіз қалмайды.

Көптеген елдерде жалған терроризм туралы хабар таратқандарға өте қатаң жаза қарастырылған. АҚШ-та мұндай қылмыс үшін 10 жылдан 25 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы беріледі. Сонымен қатар, кінәлі адам мемлекетке келтірілген шығынды толық өтеуге міндетті. Ұлыбританияда жалған терроризм туралы хабарлама таратқандарға 7 жылдан 14 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Одан бөлек, қылмыскердің банк шоттары бұғатталып, материалдық шығынды өтеу талап етіледі. Германияда мұндай әрекет мемлекеттік қауіпсіздікке қарсы ауыр қылмыс ретінде қаралады. Кінәлі тұлғалар 5 жылдан 15 жылға дейін сотталады.

Көршілес Ресейде 2017 жылдан бастап терроризм туралы жалған ақпарат таратқан адамдарға 500 мың рубльден 1 миллион рубльге дейін айыппұл салынады немесе 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады. Егер мұндай хабарлама мемлекеттік мекемеге немесе адам көп жиналатын орынға қатысты болса, жаза мерзімі 8 жылға дейін ұзарады.

Кейбір елдерде жалған хабар таратушыларға қарсы қосымша шаралар енгізілген. Мысалы, АҚШ пен Ұлыбританияда мұндай әрекеттерді жасаған кәмелетке толмағандардың ата-аналары да жауапкершілікке тартылады. Сонымен қатар, әлеуметтік желілер мен байланыс операторлары құқық қорғау органдарымен бірігіп, жалған хабарламаларды таратқандарды анықтау процесін жылдамдатады.

Жалған терроризм – тек құқық қорғау органдарының емес, бүкіл қоғамның мәселесі. Әр азамат өзінің жауапкершілігін сезініп, мұндай әрекеттерге жол бермеуі керек. Құқық қорғау органдары жалған хабарламалардың әрқайсысын мұқият тексеріп, кінәлілерді анықтайтынын ескертеді. Сондықтан әрбір азамат бұл мәселеге салғырт қарамай, өз ортасында түсіндіру жұмыстарын жүргізгені жөн.

Г. НАУРЫЗБАЕВА.
Тараз қаласы.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

ЛУДОМАНИЯ – ҚАУІПТІ АУРУ

Жас ерекшелігіне қарамастан сананы улап, құмарлықтың нәтижесін үлкен дертке айналдырған лудомания – өзекті мәселе. Лудомания – өмірдің мәнін бейберекетсіздікке ұшыратып, адамның психологиялық, әлеуметтік, материалдық, отбасылық құндылықтарын селқостыққа бейімдейтін ойсыз кеткен құмарлық. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 400 мыңға жуық адам – букмекерлік кеңселер мен казино ойындарының тұрақты тұтынушысы. Бұл тұтас Тараз қаласы халқының санымен пара-пар. Әрбір бес адамның біреуі құмар ойынның құлдығында. Отандастар құмар ойынды ермек үшін көреміз деп, өздері лудоманияның «алтын балығына» айналып, 456 миллиард теңгені ойланбастай жұмсаған. Аталмыш көрсеткіш Шымкент қаласының бір жылдық бюджетімен сәйкес.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында халық арасындағы құмар ойынға тәуелділік мәселелері жан-жақты талқыланған болатын. Ел Президенті өз сөзінде: «Ең қауіпті әлеуметтік кеселдің бірі – лудомания. Құмар ойынға тәуелділік көптеген азаматты орға жығып, қарызға белшесінен батырады, отбасының шырқын бұзады, қылмысқа, суицидке итермелейді. Бұл ұлтымыздың болашағына қатер төндіреді. Сондықтан Мемлекет басшысы ретінде мен осы қауіпті құбылыспен күресу үшін бірқатар пәрменді шаралар қабылдадым. Былтыр күзде осы мәселе бойынша Қауіпсіздік Кеңесінің арнайы отырысы өтті. Жуырда менің тапсырмаммен Үкімет Заңсыз ойын бизнесі мен лудоманияға қарсы іс-қимыл жөніндегі кешенді жоспарды бекітті. Сонымен қатар, тиісті заң жобасын тез арада қабылдау жөнінде бұған дейін бірнеше рет айтқан едім. Ал, бүгін Сенат лудоманияға қарсы заң жобасын қарайды. Егер мақұлданса, көп ұзатпай мен оған қол қоямын»,- деп атап өткен болатын.

Қазір бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Қаржылық мониторинг агенттігінің ақпараты бойынша заңсыз қызмет белгілері бар 11417 интернет-ресурс анықталып, оның ішінде 6639 ресурс бұғатталыпты. Оңай олжаны манипуляция арқылы насихаттап, психологиялық тұрғыда тұрақты жетілмеген адамның ойын шынайылықтан бұрып, көзге құмарлықты әдемі сұрыптай алған ойынға тәуелділіктің зардабы орасан зор. Ойынқұмарлықтың қаншама шаңырақтың шайқалуына, адамгершілік құндылықтардан аттап өтіп, ұрлық-қарлық, кісі өлтіру сияқты ауыр қылмыстарға итермелеуге қауқарының мықтылығы неде деген сауал туындайтыны белгілі. Мәселен ажырасудың 40 пайызы осы құмар ойынның машақатынан орын алған. Ең сорақысы, 4 мыңға жуық адам өз-өзіне қол жұмсаса, оның басым бөлігі лудоманияға шалдыққандар. Мамандардың пікіріне сүйенсек, лудоманияға тәуелділік көбінде жеткіншек жастан басталады. Құмар ойындарына тәуелділік себептеріне көп факторлар әсер етеді. Айталық, отбасыда балаға дер кезінде көңіл бөлмеу, ортаны дұрыс таңдамау, өз-өзіне деген сенімсіздік, жұмыссыздық, материалдық жағдайдың төмендігі, ерме мінезге жақын болу. Жас ерекшеліктеріне байланысты 18-25 жастағылар жеңілдің астымен, ауырдың үстімен» жағдайын лезде жақсарту мақсатында болса, 30-35 жастағылар өмірдің қиын-қыстау кезеңдерінен оңай құтыламын деп өз-өзін алдайды, ал егде жастағылар өмірден баз кешіп, өмірдің нағыз қызығын енді көремін деп нәпсіқұмарлыққа бой алдырады.

Лудомания, игромания, гемблинг, ойынқұмарлық – бұл атаулардың барлығы дүниежүзі бойынша кеңінен таралған қауіпті дерт. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы лудоманияға тәуелділік психолиялық ауытқулар мен тұрақсыздыққа әкеп соқтыратынын атап өтіп, адам денсаулығына өте қауіпті ауру екенін мәлімдеді.

Тараз қаласының тұрғыны, 25 жастағы Қайрат есімді азамат байқуатты отбасында тәрбиеленген. Ата-анасы «Баламызға керек-жарағын алып беруіміз керек», деген мақсатта жұмысбасты болып, Қайраттың бос уақытында немен шұғылданатыны жайында бейхабар болған. Қайрат отбасындағы еркіндік пен қолжетімділікті пайдаланып, алғаш рет 7-сыныпта футбол командаларына бәс тіккен. Оның айтуынша, бұл жағымсыз әдетке әбден дағдыланған жоғары сыныптағы оқушылар үйреткен.

«Отбасымның маған деген сенімін лас дүниеге айырбастадым. Бала көңілім ойынқұмарлықты басында қызық көрді, кейіннен қалай лудоманға айналғанымды өзім де сезбей қалдым. Дос ретінде сеніп жүрген жолдастарым жағдайымның жақсы екенін біліп, «ақшаңды үш есе шығарып аласың» деген арбаумен шақырып, «досым үшін жан пида» деген мақсатта олар үшін де бәске қаражатты тігіп отырдым. Ата-әжемді, отбасымды «сабаққа керегімді» алуым керек деп алдап әрқайсысынан ақша алып жүрдім. Олар сол уақытта аса мән бермеді.

Кейіннен мектеп бітіріп, ата-анам Алматыға ақылы оқуға түсірді. Оқудың ақшасын салып жібергенде, мен қолыма ұстай алмай үлкен бәске тіктім. Ол бәстен бір ұтқанымды көріп, жетпегеніне кредит алып, тағы тіктім. Соңында ұтылып қалдым. Ата-анам білмесін деп, достарымнан, жақындарымнан қарыз алдым. Осылай қарызға етім үйренді. Сол сәтте мен өмірді тым жеңіл көрдім, бір қызды көріп, бір-бірімізді ұнатып, үйлендік. Жағымсыз әдетке үйір екенімнен беймәлім еді. Ұнатып жүрген қызыма мүлдем білдірмедім. Балалы болдық. Ойынқұмарлықтан арыла алмадым. Отбасым, жақындарым туралы мүлдем ұмытып кеттім. Отбасымды асырауым керек деген жауапкершіліктен қаштым. Шаңырағымыз шайқалып, үйден береке кетіп, ұрыс-керістен арылмадық. Отбасыма, келіншегіме бәрі мәлім болды. Ойын ойнап отырған кезімде әкем келіп, көз алдымда жүрегі ұстап, сол мезетте дүниеден өтті. Сол қаралы оқиға әлі ойымнан кетпейді. Өмірден баз кешіп, өз-өзіме қол жұмсағым да келді. Таңертең ұйқымнан оянғым келмейтін, «қарызымды қайтар» деген қоңыраулар үзілмейтін.

Келіншегімнің сол сәтте берген қолдауы мен үшін ауадай болды. Ең бірінші өзөзімді алдағанымды түсініп, психолог мамандармен жұмыс жасадым. Ата-анамның жиған-тергенін өз қолыммен қарызға бердім. Сол сәттен бастап, қараңғы түнектің шырмауына қадалғанымды түсіндім. Өмірдің құндылықтарын кеш түсініппін. Құрметті бауырлар, басы тәтті, аяғы өкінішпен аяқталатын лудоманиядан сақ болыңыздар», – дейді Қайрат.

Иә «Әдеттің озығы бар, тозығы бар» демекші, тозығы бар әдеттен аулақ болайық! Осы тұста Абай Құнанбайұлының «Тамағы тоқтық, көйлегі көктік, аздырар адам баласын» деген өлең жолдары арқау болмақ. Манипуляциялық арбаулар мен бір мезеттік қызығушылық үшін өмірдің мәнін құрдымға кетірмейік. Ойынға емес, оқуға, дамуға, салауаттылыққа уақыт бөлейік!

А. НИЯЗБЕКОВА,
Жамбыл облысы әкімдігі «Дін проблемаларын зерттеу орталығының» қызметкері.

ПРИРЕЧНЫЙ АУЫЛЫНДА «ЖИТИКАРАКОММУНЭНЕРГО» МКК-НЫҢ ӨТІНІМІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУ ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті магистральдық құбырлар мен тарату желілері (Приречный ауылы) арқылы су беру қызметтеріне «Жітіқаракоммунэнерго» МКК -ның тариф жобасын талқылау бойынша жария тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария тыңдау **2025 жылдың 4 сәуірда сағат 11.00-де** Қостанай облысы, Жітіқара қаласы, Ищанов көшесі 13, каб. 13 мекенжайы бойынша өтеді.

«ZOOM» қосымшасы арқылы жария тыңдауға қосылу нөмірі - Конференция идентификаторы: 871 132 2725, Кіру коды: gQQB4P.

Әрбір тілек білдіруші онлайн режимде өз сұрақтарын қойып, оларға жауап ала алады.

Анықтама телефондары: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

В СЕЛЕ ПРИРЕЧНОЕ ПРОЙДЕТ ПУБЛИЧНОЕ СЛУШАНИЕ ПО ЗАЯВКЕ ГКП «ЖИТИКАРАКОММУНЭНЕРГО»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Костанайской области сообщает о проведении публичного слушания по обсуждению проекта тарифа ГКП «Житикаракоммунэнерго» на услуги по подаче воды по магистральным трубопроводам и распределительным сетям (села Приречное).

Публичное слушание состоится **4 апреля 2025 года в 11.00 часов** по адресу: Костанайская область, город Житикара, улица Ищанова 13, кабинет №13.

Номер для подключения к публичному слушанию посредством ZOOM - Идентификатор конференции: 871 132 2725, Код доступа: gQQB4P.

Каждый желающий может в онлайн-режиме задать свои вопросы и получить на них ответы.

Справки по телефонам: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

SALYQ TÁRTIBI
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ, saltar61@mail.ru

БАС РЕДАКТОР
Ғалым ҚАСАБАЙ

МЕНШІК ИЕСІ: «САЛЫҚ ТӘРТІБІ» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда қайта тіркеліп, №17405-Г куәлігі берілген.

Индекс 65604

Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасына сай келе бермеуі мүмкін. Қолжазбаға пікір айтылмайды және авторға қайтарылмайды.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТАРАЙДЫ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б», тел.: 8 /7262/ 45-34-52, факс: 43-56-97
e-mail: saltar61@mail.ru
Электрондық сайтымыз: www.salyq-gazet.kz
Басылым аптасына 3 рет шығады.
Таралымы 17 357
Апталық таралымы 52 071

ГАЗЕТ «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нің баспаханасында теріліп, басылды
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б»

Тапсырыс 235